№P0910-T

Жылумен жабдықтау шарт

Ақтау қ. 01.01.2026ж.

Бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталатын «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, оның атынан 04.12.2025ж. № 01-25/478 сенімхат негізінде әрекет етуші Маркетинг және өтім департаментінің директоры А.С. Уразалиев, бір тараптан және бұдан әрі «Тұтынушы» деп аталатын «Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі» ММ, оның атынан Агенттік Төрағасының 2026 жылғы 23 қаңтардағы № 16 – НҚ бұйрығы негізінде әрекет ететін департамент директоры Қадырбаев Диас Талғатұлы, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1 Тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

есеп айырысу кезеңі - тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және тұтынушыға ақы төлеуге ұсынылатын жылумен жабдықтауға арналған шартта айқындалатын уақыт кезеңі (күнтізбелік ай);

жылу энергиясы үшін есеп айырысу - тұтынылған жылу энергиясы үшін тұтынушының Жеткізушінің ұсынған төлем құжатының негізінде есеп айырысу кезеңі өткеннен кейін ақы төлеуі;

жылумен жабдықтау жүйесі - жылу өндіретін, жылу беретін және жылу тұтынатын қондырғылардан тұратын кешен;

жылу тұтынатын қондырғы - жылу энергиясын Тұтынушының қажеттіліктері үшін жылу энергиясын, жылу тасымалдағышты пайдалануға арналған құрылғы;

жылу желісі - жылу энергиясын беруге, таратуға арналған құрылғылар жиынтығы;

жылу тасымалдағыш - жылу энергиясын беру үшін жылумен жабдықтау жүйесінде пайдаланылатын зат (су, бу)

жылу энергиясы - тұтыну кезінде жылу тасымалдағыштың термодинамикалық параметрлері (температура, қысым) өзгеретін жылу тасымалдағышпен берілетін энергия;

өлшем құралын салыстырып тексеру - өлшем құралының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкестігін айқындау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа аккредиттелген заңды тұлғалар орындайтын операциялар жиынтығы;

жеткізуші - сатып алынған жылу энергиясын тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым;

тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы-жылу тұтыну қондырғыларының және/немесе желілердің теңгерімдік тиесілігі бойынша немесе тараптардың келісімі бойынша айқындалатын жылу тұтыну қондырғыларын және/немесе тараптардың желісін бөлу нүктесі (сызығы), көп пәтерлі тұрғын үйлердегі тұтынушы мен энергия беруші немесе энергиямен жабдықтаушы ұйым арасындағы пайдалану жауапкершілігінің шекарасы басқару торабының кіру ысырмаларының бірінші бөлу фланеці (Элеватор) бойынша айқындалады);

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

теңгерімдік тиесілік шекарасы - энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен Тұтынушы арасындағы, сондай-ақ тұтынушы мен қосалқы тұтынушы арасындағы жылу желісінің теңгерімдік тиесілігі бойынша айқындалатын жылу желісін бөлу нүктесі;

төлем құжаты - есепке алу аспаптарының нақты көрсеткіштері негізінде, ал олар болмаған немесе уақытша бұзылған кезде тұтынушы тұтынылған жылу энергиясы үшін ақы төлеуді жүргізетін есеп айырысу жолымен өнім беруші жазып берген құжат (шот, хабарлама, түбіртек, ескерту шоты);

тұтынушы - реттеліп көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенетін жеке немесе заңды тұлға;

уәкілетті органның ведомствосы - табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы;қызмет көрсететін ұйым – мүлік иелерінің бірлестігі немесе жай серіктестік немесе көп пәтерлі тұрғын үйді басқарушы немесе басқарушы компания.

Энергия беруші ұйым–жеке шарт бойынша Жеткізуші желілерінен Тұтынушы желілеріне дейін жылу энергиясын беру бойынша қызметтер көрсететін ұйым.

2 Тарау. Шарттың мәні

2.1. Шарттың талаптарына сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйым энергия ресурстарын босатуға міндеттенеді, энергия беруші ұйым Тұтынушыға жылу желілерін шектеу актісімен айқындалатын теңгерімдік тиесілілікті және пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасына дейін энергия ресурстарын беру жөніндегі қызметтерді жылу сумен жабдықтау жүйелерінің техникалық әзірлігі актісі болған кезде көрсетуге міндеттенеді, ал Тұтынушы ұсынылған қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді.

1) Тұтынушы жеткізілген энергия ресурстарына және оларды беру жөніндегі қызметтерге шартта белгіленген талаптар бойынша ақы төлеуге, сондай-ақ жылу энергиясын тұтыну режимін және қажет болған жағдайда Шарттың алдындағы басқа да міндетті талаптарды сақтауға міндеттенеді, Шартқа жеке қосымшамен ресімделеді.

2) Жеткізуші Тұтынушыға энергия беруші ұйымдардың қосылған желісі арқылы жылу энергиясын беруге міндеттенеді.

Бұл ретте тұтынушыларға жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері (сапасы) тараптардың теңгерімдік тиесілілігінің шекарасында орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады және мемлекеттік стандарттарда немесе энергетика саласындағы өзге де нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға, сондай-ақ өнім беруші жасаған және жергілікті атқарушы органдармен келісілген температуралық кестеге сәйкес келуге тиіс.

3) Осы Шарттың қолданылуының басынан бастап соңғы тұтынушыға дейінгі тарифтер ҚҚС-ты есепке алмағанда мыналарды құрайды:

-жылуэнергиясы(есептеуаспабынсыз) 1Гкал - 15 841,11 теңге

- жылу энергиясы (есептеу құралымен) 1Гкал - 9 237,73 теңге

- ыстық су 1 м3 - 419,06 теңге

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

4) Тариф өзгерген жағдайда Энергия өндіруші ұйым бұл туралы тұтынушыны бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жаңа тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар етеді.

5) Жылумен жабдықтау объектісі және оның орналасқан жері: **Актау қаласы 9 шағын аудан 23А ғимарат**

3 Тарау. Қызмет көрсетуді тоқтату және шектеу тәртібі

3. Егер тараптардың келісімінде өзгеше айтылмаса, Жеткізуші жылу энергиясын жіберуді үздіксіз жүргізеді.
4. Жеткізуші қосылған желі бойынша тұтынушыға ыстық суды жыл бойы, ал жылу энергиясын жылыту кезеңі ішінде үздіксіз беруді қамтамасыз етеді.
5. Тұтынушының тұтынатын жылу энергиясының жүктемесі мен мөлшерін Шартта көрсетілгеннен тыс, бірақ алынған техникалық шарттарда мәлімделген және тіркелген жобалық шамалардан аспайтын ұлғайтуға тұтынушының өтінімі бойынша өнім берушінің рұқсатымен жол беріледі, бұл ретте Шартқа тиісті өзгерістер енгізіледі.
6. Тұтынушы Жеткізушіге шартта айқындалған талаптарда жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге, сондай-ақ жылу энергиясын тұтыну режимін және осы Шартта және Ережелерде көзделген басқа да талаптарды сақтауға міндеттенеді.
7. Жеткізуші Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10234 болып тіркелген) жылу энергиясын пайдалану ережелерінде (бұдан әрі - жылу энергиясын пайдалану Ережесі) және осы Шартта, оның ішінде жылу энергиясын пайдалану ережелерінде көзделген жағдайларда, тұтынушыға жылу энергиясын беруді тоқтатуға немесе шектеуге құқылы, оның ішінде:

1) мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі мемлекеттік орган куәландырған жылу тұтыну қондырғыларының қанағаттанғысыз жағдайын апаттық қаупін төндірген немесе азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төндірген жағдайда, тұтынушыны міндетті түрде хабардар ете отырып және жеткіліксіз жылу энергиясы үшін кейіннен қайта есептейді;

2) тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескерте отырып, жылу тұтынатын қондырғыларға және (немесе) жылу энергиясын есепке алу аспаптарына техникалық жағдайы мен пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін Жеткізушінің өкілдері және Мемлекеттік энергия бақылау жіберілмеген жағдайда;

3) осы Шарттың 8-тармағында көзделген жағдайларда, тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескерту;

4) жылу тұтынатын қондырғылар жүйесі есепке алу аспаптарын орнату орнына қосылған жағдайда;

5) жаңа қуаттар жылу желісіне өз бетінше қосылған жағдайда;

6) Тараптар арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясымен жабдықтау бойынша ұсынылған қызметтер үшін ақы төленбеген жағдайда;

7) жылу тұтынатын қондырғылар мен жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа техникалық әзірлік актісіз жылу желісіне қосылған және тұтынушыда тиісті даярланған

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

персонал болмаған және жылу тұтынатын қондырғылардың сенімді және қауіпсіз жұмысына жауапты тұлға тағайындалған жағдайда не қызметтің осындай түріне рұқсаты бар мамандандырылған ұйыммен (тұрмыстық тұтынушылардан басқа) қызмет көрсетуге арналған шарт;

8) егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Шартта көзделген конденсат көлемінің 30% - дан кемі қайтарылған жағдайда;

9) апаттық жағдай кезінде;

10) жалпы үйге ортақ желілердегі жоспарлы жөндеулер, апаттар, бұл ретте тұтынушыны қызмет көрсету ұйымы хабардар етеді.

Жеткізушінің жылу энергиясын беруді тоқтатуы не шектеуі тұтынушыны ескертумен жүргізіледі:

осы тармақтың 4), 5) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда - дереу;

осы тармақтың 1), 2), 6), 7), 8) тармақшалармен энергиямен жабдықтаушы ұйым тұтынушыны жазбаша хабардар еткеннен кейін (хабарлама қою арқылы) немесе жылу энергиясын тұрмыстық емес мұқтаждар үшін пайдаланатын тұтынушыларға хабарлама жіберу арқылы, егер шартта өзгеше көзделмесе, жылу энергиясын беруді тоқтатқанға немесе шектегенге дейін кемінде үш тәулік бұрын тұтынушының электрондық поштасына, факсына хабарлама жібереді.

Бұл ретте, тұтынушыны жазбаша түрде ескерту тұтынушының жеке өзіне қол қойғызып тапсырылады не тұтынушыға тапсырыс хатпен жіберіледі, ал осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген жағдайда тұтынушы телефонограммамен хабардар етілуі мүмкін.

Тұтынушы шарт жасасу кезінде не кейіннен электрондық пошта мекенжайын ұсынған жағдайда, ескерту тұтынушының электрондық пошта мекенжайына жіберіледі.

Көп пәтерлі тұрғын үйлерде тұратын тұтынушыларды тармақшаларда көзделген жағдайларда жылу энергиясын беруді тоқтату немесе шектеу туралы ескерту 1), 3), 4), 7) осы тармақтың бірінші абзацы кондоминиум объектісін басқару органының уәкілетті адамының атына хат, телефонограмма жіберу арқылы жүргізіледі.

Бұл ретте Жеткізуші шектеулерді енгізуден немесе жылу энергиясын жеткізуді тоқтатудан туындаған ықтимал салдарлар үшін жауапты болмайды.

8. Жабдықты жөндеу және (немесе) жаңа тұтынушыларды қосу бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізу қажет болған және резервтік қоректендіру болмаған кезде тұтынушыны ажырату тәртібі жылу энергиясын пайдалану Ережесіне сәйкес көзделеді.

Тұтынушыға жылу энергиясын беру техникалық жарамды аспаптар мен пломбаланған есепке алу схемалары болған кезде ғана жүргізіледі. Олардың уақытша болмауына бір айдан аспайтын мерзімге жол беріледі.

4 Тарау. Жылу энергиясын есепке алу

9. Тұтынушылардың жылу тұтыну қондырғылары жылу энергиясын есептеу үшін қажетті есепке алу аспаптарымен қамтамасыз етіледі. Тұтынушы есепке алу аспаптарын дербес сатып алуға және орнатуға құқылы. Жеткізуші есепке алу аспаптарын сатып алған және орнатқан жағдайда, тұтынушы онымен Қазақстан Республикасының Табиғи

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

монополиялар туралы қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен жылу энергиясын есепке алу аспабын сатып алуға және орнатуға тиісті шарт жасасады. Жылу энергиясын есепке алуды ұйымдастыру, жылу тасымалдағыштың жылу энергиясын есепке алу тораптарының техникалық жағдайын нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына жауап беруі тиіс.

10. Жылу энергиясын есепке алу үшін үлгілері өлшем бірлігін қамтамасыз етудің Мемлекеттік тізіліміне енгізілген есепке алу аспаптары пайдаланылуы тиіс. Бұл ретте олардың бұған құқығы бар ұйымның бастапқы немесе кезеңдік тексерісі туралы таңбасы болуы қажет.

Есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуды энергия беруші (энергиямен жабдықтаушы) ұйымның өкілдері тұтынушының не оның өкілінің қатысуымен, ал көрсеткіштерді қашықтықтан алатын есепке алу аспаптарын орнатқан жағдайларда тұтынушының қатысуынсыз жүргізеді.

Бұл ретте, тұтынушы қағаз жеткізгіште басып шығаруды немесе есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің электрондық нұсқасын алуға құқылы.

Тұтынушының кінәсінен есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу мүмкін болмаған кезде және бұл ретте Тұтынушының өзі энергия беруші ұйымға өзі жұмсаған жылу энергиясының мөлшері туралы мәліметтерді ұсынбаса, энергиямен жабдықтаушы ұйым нақты тұтыну бойынша кейіннен қайта есептеуді жүргізе отырып, Өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі тұтынушының жылу энергиясының орташа тәуліктік шығысы бойынша көрсетілген кезеңдер үшін есеп айырысуды жүргізуге құқылы. Тұтынушының кінәсінен есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алудың мүмкін еместігі Жеткізушінің журналына тиісті жазбамен расталады.

11. Есепке алу аспаптарын мерзімді тексеруді, жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді энергия беруші ұйым не осындай қызмет түріне рұқсаты бар өзге мамандандырылған ұйым тұтынушымен жасалған жеке шарт бойынша жүзеге асырады.

Тұтынушы есепке алу аспаптарын тексеру, жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін мамандандырылған ұйымды өз бетінше таңдауға құқылы.

12. Тараптар өз теңгеріміндегі есепке алу аспаптарына тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде өз есебінен метрологиялық тексерулер жүргізеді.

Тараптар талап етуші тараптың есебінен жүргізілетін қосымша тексерулер жүргізуді талап ете алады.

13. Жеткізуші жеткізген және тұтынушы қабылдаған жылу энергиясының мөлшері есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады.

1) Ыстық суды есепке алу аспабы болмаған жағдайда Тұтынушы пайдаланған су көлемі осы Шарттың №1 қосымшасы бойынша шарттық көлемге сәйкес айқындалады.

2) Тұтынушыда ыстық суды есепке алу схемасын бұзу фактілері анықталған кезде:

- басқару тораптары мен есепке алу аспаптарында бақылау пломбаларының бұзылуы немесе бұзылуы;

- есептеу аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалайтын құрылғыларды орнату;

- белгіленген есептеу схемаларынан басқа айналма құбырлардың құрылысы;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

- Жеткізушінің келісімінсіз су тұтынудың белгіленген режимін өзгерту;

- су тұтынуды есепке алу үшін техникалық ақаулы (есеп механизмінің жұмысын тоқтату немесе тежеу, шынының, корпустың механикалық зақымдануы) есепке алу аспаптарын және жіберілген суды есепке алудың басқа да бұзушылықтарын пайдалану үшін тұтынушыға соңғы тексеру жүргізілген сәттен бастап анықталған күнге дейін, бірақ екі айдан аспайтын мерзімде, тәулігіне 24 сағат бойы жұмыс істеген кезде құбырдың басқару торабына дейінгі толық өткізу қабілеті есебінен суды пайдаланғаны үшін қайта есептеу жүргізіледі.

3) Тұтынушыда есепке алу схемасын бұзу, желілік суды өз бетінше таңдау, тұтынушы жылу тұтыну қондырғыларын өз бетінше қосу, басқару тораптары мен есепке алу аспаптарындағы пломбалардың бұзылуы немесе үзілуі, тұтынушы коммерциялық есепке алу аспаптарын бүлдіруі, есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалайтын құрылғыларды орнатуы фактілері анықталған кезде Тұтынушыға соңғы тексеру жүргізілген кезден бастап анықталған күнге дейін ыстық суды пайдаланғаны үшін қайта есептеу, бірақ екі айдан аспайтын уақыт, тәулігіне 24 сағат бойы жұмыс істеген кезде, жылу энергиясын пайдаланғаны үшін – жылыту маусымының басынан бастап құбырдың басқару торабына дейінгі толық өткізу қабілеті есебінен жүргізіледі.

Шарттың 3) тармақшасында көрсетілген, тұтынушы жол берген бұзушылықтар кезінде энергия беруші (энергия өндіруші) немесе энергия өндіруші ұйымның өкілдері мен тұтынушы екі жақты акт ресімдейді.

Акт тұтынушы қол қоюдан бас тартқан кезде де, бірақ оны құрамында кемінде үш адам бар энергия беруші (энергия өндіруші) немесе энергия өндіруші ұйымның комиссиясы ресімдеген жағдайда жасалады.

14. Жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспабы жылу желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасында орнатылмаған жағдайда жылу желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасынан бастап жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарын орнату орнына дейінгі учаскедегі жылу энергиясының шығындары шарт негізінде теңгерімінде жылу желісінің көрсетілген учаскесі бар иеленушіге жатқызылады. Энергия беруші ұйым Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар саласындағы заңнамасына сәйкес шығындарды есептеу жолымен айқындайды.

Жылу шығындарын есептеуді немесе жылу шығындарына сынақты энергия беруші ұйым тұтынушымен бірлесіп жүргізеді.

15. Жабдықтардың техникалық жай-күйі үшін жауапкершілік және тұтынушылардың меншігіндегі, оның ішінде тұтынушылардың ортақ меншігіндегі жылу желілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұтынушыларға жүктеледі және теңгерімдік тиесілік шекарасы бойынша айқындалады.

Жылу энергиясын есепке алу аспаптарының сақталуына жауапкершілік оның иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілілігінің шекарасы бойынша айқындалады.

Кондоминиумды басқару органы жылу тұтынатын қондырғыларға қызмет көрсетуді дербес немесе мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт бойынша жүргізе алады.

16. Есепке алу аспабы істен шыққан жағдайда энергиямен жабдықтаушы ұйым көрсетілген кезеңдер үшін есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтауды тұтыну нормасы бойынша, бірақ есепке алу қалпына келтірілуі тиіс бір айдан аспайтын мерзім ішінде есеп жүргізеді.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Егер есепке алу аспабын көрсетілген мерзімде қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, онда есептеу тәртібі мен есепке алуды қалпына келтіру мерзімдері Тараптардың жеке келісімімен белгіленуге тиіс.

Есепке алу аспаптарын үшінші тұлғалар ұрлаған немесе сындырған жағдайда, сақтауға жауапты адам, егер шартта өзгеше көзделмесе, бір ай мерзімде есепке алу аспаптарын қалпына келтіруге міндетті. Есепке алу аспаптарын қалпына келтіру сәтіне дейін тұтынушы оны жылу желісіне қосуды талап етуге құқылы.

5 Тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

17. Тұтынушы құқылы:

1) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуға құқылы;

2) Осы Шартта белгіленген көлемде және мерзімдерде белгіленген сападағы қызметтерді алуға;

3) тараптардың келісімі бойынша кәсіпкерлік мақсаттар және тұрмыстық тұтыну үшін жылу энергиясын қажетті мөлшерде алуға;

4) кәсіпкерлік мақсаттар үшін тұтынылатын жылу энергиясының шартта айқындалған мөлшерін өзгертуге құқылы;

5) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес өнім берушіден Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпарат алуға құқылы;

6) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз циклде өндіріспен байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде жылу энергиясын үздіксіз алуға міндетті;

7) Жеткізушіден жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша қайта есептеуді және жылу энергиясын жеткізбеуден немесе сапасыз жеткізуден келтірілген нақты нұқсанды өтеуді талап етуге құқылы;

8) сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша Жеткізушіден қайта есептеуді талап етуге міндетті;

9) шартты жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін уәкілетті және (немесе) сот органдарына жүгінуге құқылы;

10) көпшілік тыңдауларға қатысуға құқылы;

11) Жеткізушіні хабардар ету және Жеткізуші ұсынған Қызметтер көлемі бойынша толық ақы төлеу шартымен Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы;

12) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқығы бар;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

13) Жеткізуші нақты ұсынған Қызметтер үшін ақы төленген жағдайда, шартты күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Жеткізушіні жазбаша хабардар ете отырып, біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте жылыту жүйесі көппәтерлі үйдің жалпы жылыту жүйесінің бөлігі болып табылатын жеке үй-жай иесінің жылу энергиясымен жабдықтауға арналған шарттан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

18. *Тұтынушы міндетті:*

1) Жеткізуші ұсынған шарт талаптарына сәйкес жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерге уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге міндетті;

2) есепке алу аспаптарының істен шығуы немесе жұмыс режимі мен жағдайларының бұзылуы туралы Жеткізушіні жазбаша түрде дереу хабардар етуге міндетті, олай болмаған жағдайда, есепке алу аспаптары тиісті құжаттармен расталған, олардың соңғы тексерілген күнінен бастап істен шыққан болып есептеледі;

3) пайдаланылатын желілердің, аспаптар мен жабдықтардың тиісті техникалық жағдайын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, энергияны тұтынудың белгіленген режимін сақтауға, сондай-ақ апаттар, өрттер және энергияны пайдалану кезінде туындайтын өзге де бұзушылықтар туралы Жеткізушіге дереу хабарлауға міндетті;

4) жоспарлы жөндеу, апаттық-қалпына келтіру жұмыстары жағдайларынан басқа, жылу тұтынатын қондырғылар пайдалануға берілгенге дейін және әрбір жылыту маусымы алдында өнім беруші берген техникалық әзірлік актісін ресімдеу үшін іс-шаралар кешенін жүргізуге міндетті;

5) желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жағдайы мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жылу энергиясын есепке алу аспаптарына және жылу тұтыну қондырғыларына өнім берушінің өкілі мен Мемлекеттік энергия бақылаудың кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті;

6) шартты бұзған кезде есеп айырысуларды салыстырып тексеруге және Жеткізуші ұсынған жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі нақты қызметтер үшін борышты өтеуге міндетті;

7) Жеткізушіні банк деректемелерінің, заңды мекенжайының өзгеруі, энергия тұтыну объектісінің меншік иесінің ауысуы, заңды тұлға атауының және ұйымдық – құқықтық нысанының өзгеруі және басқа да өзгерістер туралы 3 күн мерзімде хабардар етуге міндетті;

8) үй-жайды иеліктен айыру кезінде Жеткізушімен толық есеп айырысуды жүзеге асыруға міндетті. Иеліктен шығарылатын үй-жайлар бойынша түпкілікті есеп айырысу болмаған жағдайда, жаңа меншік иесінің берешекті қабылдағаны туралы куәландыратын құжаттарды ұсыну қажет.

19. *Жеткізушінің құқығы бар:*

1) жылу энергиясын пайдалану Ережелеріне сәйкес Тұтынушылар сақтауға міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;

2) жылу энергиясын пайдалану ережелерінде белгіленген тәртіппен есепке алу аспаптарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізу және тексеруді ұйымдастыруға;

3) осы Шарттың 7-тармағында көзделген жағдайларда және тәртіппен шарттың орындалуын біржақты тәртіппен тоқтата тұруға;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

4) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтер үшін ақы алуға;

5) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданылу кезеңінде жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді төмендетуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасымен белгіленген өзге де әрекеттерді жасауға.

20. *Жеткізуші міндетті:*

1) жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтердің барлық тұтынушылары үшін тең жағдай жасау;

2) Тұтынушымен жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызмет көрсетуге шарт жасасуға;

3) Тұтынушылардан жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілген қызметтер үшін, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-техникалық құралдарды пайдалана отырып төлемдер қабылдауды қамтамасыз етуге;

4) жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасасу кезінде тұтынушылардың құқықтарының бұзылуына жол бермеуге;

5) жылу желілерінің теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында осы Шартта көрсетілген жылу энергиясының параметрлерін ұстап тұруға міндетті;

6) тұтынушыға мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде белгілеген сапа талаптарына сәйкес, сондай-ақ шарт талаптарында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерді ұсынуға;

7) жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеуді жүргізуге және жылу энергиясын жеткізбеуден немесе сапасыз жеткізуден келтірілген нақты залалды өтеуге, уәкілетті орган бекіткен сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу әдістемесіне сәйкес сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу нәтижелері бойынша тұтынушыларға қаражатты қайтаруды жүзеге асыруға;

8) Тұтынушыға жеткізілетін жылу энергиясының есебін және сапасын бақылауды жүргізу, жылу энергиясы сапасының бұзылуының алдын алу және жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауға;

9) тұтынушының жылу энергиясы сапасының төмендегені туралы жазбаша өтініші не ауызша өтініші берілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде сапаны қалпына келтіру бойынша барлық шараларды қабылдауға және қайта есептеуді орындауға;

10) осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, жылу энергиясымен жабдықтаудағы үзілістерге жол бермеуге;

11) есепке алу аспабы Тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан жағдайда өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі тұтынушының орташа тәуліктік шығысы бойынша жылу энергиясы үшін есеп айырысуды жүргізуге;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

12) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпаратты тұтынушының назарына жеткізуге;

13) Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгерген жағдайда, тұтынушы үшін жылу энергиясымен жабдықтауға тарифтерді уәкілетті орган белгілеген тәртіппен төмендетуге міндетті;

14) Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес тұтынушыға үздіксіз циклде өндіріспен байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде жылу энергиясын үздіксіз беруге;

15) тұтынушы өкілдерінің қатысуымен жылу энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуға не тұтынушы өкілдерінің қатысуымен энергия беруші ұйым өкілдерінің көрсеткіштерін алуды не есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қашықтықтан алуды қамтамасыз етуге міндетті.

6 Тарау. Тараптарға қойылатын талаптар

21. Тұтынушыға инженерлік желілерді қайта жабдықтауға, өнім берушінің келісімінсіз реттеуші және тиек арматурасын орнатуға, қосуға, қауіпсіз пайдалану талаптарына және энергетика саласындағы нормативтік құжаттарда белгіленген басқа да талаптарға сай келмейтін жабдық пен құрылғыларды пайдалануға, жылу энергиясын есепке алудың қолда бар схемаларын бұзуға, сондай-ақ жылу жеткізгішін жылыту жүйелерінде тікелей мақсатынан тыс пайдалануға жол берілмейді.
22. Тараптарға тараптардың құқықтарын шектейтін не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын өзгеше түрде бұзатын әрекеттер жасауға тыйым салынады.
23. Тараптардың келісімі бойынша шарт үлгілік шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

7 Тарау. Есеп айырысу тәртібі

24. Жеткізушінің жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтеріне ақы төлеуді Тұтынушы Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жүргізеді.
25. Тұтынушы жылу энергиясымен жабдықтау бойынша Жеткізуші нақты ұсынған Қызметтер үшін ақы төлеуді есептеу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес есеп айырысу айынан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей жүргізеді. Есепке алу аспаптары болмаған жағдайда тұтынушы ақы төлеуді осы Шарттың 4-тарауына сәйкес жүргізеді.
26. Өткен кезеңдер үшін берешек болған кезде, бірінші кезекте, төлем осы берешекті өтеуге жіберіледі. Тұтынушы есеп айырысу кезеңі үшін іс жүзіндегіден артық соманы төлеген жағдайда, осы артық айырма келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне (не тараптардың келісімі бойынша өнім берушінің алдындағы тұтынушының өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындай болса) автоматты түрде есептеледі. Егер тұтынушы Жеткізушінің келесі есеп айырысу кезеңіндегі қызметтерінен бас тартса, артық төленген сомалар қайтарылады. Сот актісі немесе өндіріп алу туралы атқарушылық жазба болған кезде төлем төлем мақсатына қарамастан мынадай тәртіппен қабылданады:

- сот шығындары;

- тұрақсыздық айыбы (өсімпұл);

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

- берешек;

- ағымдағы есептеу;

- айыппұл.

27. Егер коммерциялық есепке алу аспаптарының ақаулығы нәтижесінде шоттардағы түзетулер қажет болған жағдайда және басқа да жағдайларда Тараптар кейінгі есеп айырысу кезеңдерінде шоттарға түзету енгізеді.
28. Төлем құжатында көрсетілген деректемелер бойынша өнім берушінің ағымдағы шотына ақша аудару тұтынушының жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындауы деп танылады.

Есеп айырысу кезеңі бір күнтізбелік айды құрайды.

1) жеткізілген суға ақы төлеуге шот-фактураны тұтынушы мына мекенжай бойынша учаскеден алуға міндетті: 10 ш/а

2) Төлем құжаты - шот-фактураны Жеткізуші электрондық нысанда жазып береді және тұтынушыға электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі (ЭШФ АЖ) арқылы жіберіледі.

Тұтынушының ЭШФ АЖ - да тіркеуі болмаған жағдайда, Жеткізушінің уәкілетті лауазымды адамының электрондық-цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық шот-фактура тұтынушының мекенжайына есептік айдан кейінгі айдың 10-нан кешіктірілмей жіберіледі.

8 Тарау. Келіспеушіліктерді шешу тәртібі

29. Жылу энергиясын беруді тоқтату уақыты, сондай-ақ оның сапасының нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына уақыты (күні, сағаты) туралы белгісі бар сәйкес келмеуі өнім берушінің диспетчерлік қызмет журналында кейіннен тиісті (тиісті) сапамен жылу энергиясын беруді қайта бастау уақыты (күні, сағаты) туралы белгі қойылып белгіленуі тиіс.
30. Жылу энергиясын беруде немесе беруде сапасы лайықсыз үзіліс болған кезде тұтынушы бұл туралы Жеткізушіні жеке өзі (өтініммен) немесе оны беру уақытын, күнін және оны берген және қабылдаған адамның тегін міндетті түрде көрсете отырып, телефонограммамен хабарлайды. Телефонограммада: тауар сапасының нашарлауының (болмауының) басталу уақыты, нашарлау сипаты және өнім беруші өкілінің болу қажеттілігі (егер жылу энергиясы сапасының нашарлауы немесе оны берудегі үзілісті Жеткізуші журналда тіркемесе) көрсетіледі.

Тұтынушы өзі жүгінген кезде өтінімнің көшірмесі болуы тиіс, онда оның келіп түсуін тіркеу кезінде тіркеу нөмірі, өтінімді беру күні мен уақыты, оны қабылдаған Жеткізуші өкілінің қолы қойылады. Жылумен жабдықтау тоқтаған кезде өтінім дереу, параметрлері нашарлаған кезде - ауытқу басталған сәттен бастап бір тәуліктен кешіктірілмей беріледі.

Жеткізуші журналдағы өтінімде (телефонограммада) көрсетілген тауар сапасының ауытқуы, тұтынушыларға оны берудегі үзілістер туралы белгілерді салыстырады және келіспеушіліктер болмаған кезде параметрлердің есептіден орташа тәуліктік ауытқуын негізге ала отырып, тауар құнын қайта есептеуді оны нақты тұтынуға сәйкес орындайды.

31. Жеткізушіжылу энергиясын бермеу немесе сапасы төмен тауарды (жылу энергиясын) беру фактісін куәландырудан бас тартқан кезде тұтынушы жазбаша өтініш жасауға

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

құқылы, онда:

тауарды беруден бас тарту (ажырату) немесе оны сапасыз жеткізу уақыты;

тауар сапасының нашарлау сипаты;

өтінімді беру уақыты және оның тіркеу нөмірі (өнім берушінің журналы бойынша);

жылу энергиясын беруді қалпына келтіру уақыты (оның сапасын қалыпқа келтіру);

тауардың болмауы (сапасының нашарлауы) кезеңі.

Өтінішке тұтынушы, тұтынушының жылу шаруашылығына жауапты тұлға, екі тәуелсіз куә қол қояды және Жеткізушіге жіберіледі. Дау реттелмеген жағдайда тұтынушы атом энергиясын пайдалану және электр энергетикасы салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын органдарға жүгінуге немесе сотқа талап-арыз беруге құқылы.

32. Электр беруші және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйымдар желілік суды өз бетінше су таратқан, тұтынушы жылу тұтыну қондырғыларын өз бетімен қосқан, тұтынушы коммерциялық есепке алу аспаптарын бүлдірген, есепке алу торабында орнатылған пломбалар бұзылған немесе болмаған кезде акт жасайды және тұтынушы пайдаланған жылу энергиясының көлеміне екі есе мөлшерде қайта есептеу жүргізеді.

Ыстық су бойынша қайта есептеу бір жылдан аспайтын кезең үшін, ал жылыту жүйелері үшін жылыту маусымының басынан бастап осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген оқиғалар анықталған кезге дейін жүргізіледі.

Акт энергия беруші ұйым өкілінің және тұтынушының не оның өкілінің қолы болған кезде жарамды. Акт тұтынушы немесе оның өкілі қол қоюдан бас тартқан кезде де, бірақ оны энергия беруші және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың және (немесе) құрамында кемінде үш адам бар кондоминиумды басқару органының комиссиясы ресімдеген жағдайда жарамды деп есептеледі.

9 Тарау. Тараптардың жауапкершілігі

33. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
34. Шарттың 29-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, шот бойынша төлем мерзімі келген сәтте оны төлемегені үшін Жеткізуші тұтынушының төленбеген сомалары бойынша тұтынушы ақшалай міндеттемесін іс жүзінде орындаған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшерінен аспайтын, төлем мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу шарт жасасу кезінде жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың бірінші күні болып табылады.

Энергиямен жабдықтау объектісін мүліктік жалдауға (жалға алуға) және пайдаланудың өзге де түрлеріне тапсыру кезінде жылу энергиясының энергия ресурстарына ақы төлеу бойынша өнім беруші алдында тұтынушы осы Шарт бойынша жауапты болады.

35. Егер Жеткізуші үшін тұтынушыға жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметті

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

ұсыну мүмкін еместігі өнім берушімен шарттық қатынастарда тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен туындаса, тұтынушы алдында Жеткізуші жауапты болады.

36. Тұрақсыздық айыбын төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

1) Осы Шартта көзделген міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда кінәлі Тарап екінші Тарапқа келтірілген залалды заңнамаға сәйкес өтейді.

2) Тұтынушыға қатысты шектеулерді қосу және алып тастау тұтынушы ажырату үшін негіз болған бұзушылықтарды жойғаннан кейін жүргізіледі. Бұл ретте қайта қосу тұтынушы есепке алу аспабын және оны қосу схемасын қалпына келтіргеннен кейін жүргізіледі.

10 Тарау. Еңсерілмейтін күш жағдайлар

37. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы емес. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы шарт бойынша еңсерілмес күш мән-жайлары (көздеу немесе алдын алу мүмкін емес дүлей зілзала немесе өзге де қоршау жағдайлары), сондай-ақ Шарт талаптарын орындамауға немесе тиісінше орындамауға әкеп соғатын соғыс қимылдары, ереуілдер және т.б. басталғанға дейін туындайтын міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл туралы Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бір-бірін хабардар етеді.

38. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмес күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарлаған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

11 Тарау. Жалпы ережелер және дауларды шешу

39. Жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтер көрсету шарты Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады.
40. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, талап қоюға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

41. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер Шарттың орындалатын жеріндегі сотта шешіледі.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқығы бар.

42. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.
43. Шарт әрбір тарап үшін бір-бір данадан қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалады.
44. Тараптардың келісімі бойынша шарт үлгілік шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

1) Суды жіберуге, беруге және тұтынуға байланысты мәселелерді шешуді жүзеге асырады:

Жеткізуші-телефон: - бастығы телефон: 564-219, экономист тел.: 564-869, факс 314-364, бухгалтерия тел. 562-149, 564-262;

12 Тарау. Шарттың қолданылу мерзімі

45. Шарт 01.01.2026 жылдан сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді және 31.12.2026 жылғы сағат 24:00-ге қоса қолданыста болады.
46. Шарттың қолданылу мерзімі, егер Тараптардың бірі бұл туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, жылу энергиясының көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы Тараптардың бірінің өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және сол талаптармен ұзартылған болып есептеледі.

47. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшалар:

Көшірмесі (Тұтынушыдан):

-техникалық шарттар

- Ыстық су және ыстық судағы жылу энергиясын жеткізу (тұтыну) көлемдері (№1 Қосымша);

-(№ 2,3 Қосымша) Тараптардың балансқа тиесілі бөліну шегінің және пайдалану жауапкершілігі Актісі;

-Есептеу аспаптарын орнату актісі;

-Есептеу аспаптарын мемлекеттік тексеруден өткізу жөніндегі сертификат көшірмесі;

-тұтынушының жылумен жабдықтау объектісіне заңды құқықтарын растайтын құжат

13 тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары

Жеткізуші: «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» ЖШС,

КБЕ 17, БСН 030240000329, ЖСК KZ966010231000017128,

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БЖК HSBKKZKX
Осы құжаттың көшірмесі «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

130000 Ақтау қ., № 7 өндірістік аумағы, 65 ғимарат

Тұтынушы: «Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі» ММ

БСН: 201 040 009 344 ИИК KZ920 70101 KSN00 00000

Заңгерлік мекен-жайы: ҚР, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8 ғ.

Тел. 8 (7172) 74-98-35, 8(7152) 53-37-10

Эл. поштасы: m.kairzhanova@azrk.gov.kz

Тараптар қолдары:

Жеткізуші/

Поставщик

_____

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1-қосымша

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, теңге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
001-123-151 : Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу												
	"Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі" мемлекеттік мекемесі	Коммуналдық желілерден басқа, жылулық бөлу желілерімен ыстық суды (жылу энергиясын) бөлу бойынша қызмет көрсетулер	Тұрғын үй-коммуналдық қоспағанда жылу тарату желілеріне ыстық су (жылу энергиясы) бөлу бойынша қызметтер	Ыстық сумен жылу	Бір қызмет	1	200 000.00	қаңтар-желтоқсан	қаңтар-желтоқсан	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. 9 шағын ауданы 23а үй, 3 қабат (1)	0	200 000.00
	"Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі" мемлекеттік мекемесі	Коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге ыстық суды (жылу энергиясын) бөлу бойынша қызмет көрсетулер	Коммуналдық-тұрмыстық қажеттелктерге жылы суды (жылу қуатын) тарату, бөлу бойынша қызметтер.	Ыстық су	Бір қызмет	1	25 000.00	қаңтар-желтоқсан	қаңтар-желтоқсан	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. 9 шағын ауданы 23а үй, 3 қабат (1)	0	25 000.00

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

ДОГОВОР №Р0910-Т

ТЕПЛОСНАБЖЕНИЯ

г. Актау от 01.01.2026г.

Товарищество с ограниченной ответственностью «Мангистауский атомный энергетический комбинат», именуемое в дальнейшем «Поставщик», в лице Директора департамента маркетинга и сбыта А.С. Уразалиева, действующего на основании доверенности № 01-25/478 от 04.12.2025г., с одной стороны, и ГУ «Агентство по защите и развитию конкуренции РК» именуемое в дальнейшем «Потребитель в лице Директора департамента Кадырбаева Диас Талгатовича., действующей на основании приказа Председателя Агентства № 16 – ОД от 23 января 2026 года, с другой стороны, заключили настоящий Договор (далее - Договор) о нижеследующем.

Глава 1. Основные понятия, используемые в Договоре:

1. В Договоре используются следующие основные понятия:

расчетный период - период времени (календарный месяц), определяемый договором на теплоснабжение, за который потребленная тепловая энергия учитывается и предъявляется к оплате Потребителю;

расчет за тепловую энергию - оплата Потребителя за потребленную тепловую энергию по истечении расчетного периода на основании предъявленного Поставщиком платежного документа;

система теплоснабжения - комплекс, состоящий из теплопроизводящих, теплопередающих и теплопотребляющих установок;

теплопотребляющая установка - устройство, предназначенное для использования тепловой энергии, теплоносителя для нужд Потребителя тепловой энергии;

тепловая сеть - совокупность устройств, предназначенных для передачи, распределения тепловой энергии;

теплоноситель - вещество (вода, пар), используемое в системе теплоснабжения для передачи тепловой энергии;

